

TIMATEY демалыс орталығында жайлы демалу ережелері

Барлық қонақтарға демалу жағымды әрі қауіпсіз болуы үшін бірнеше қарапайым ережені сақтауды сұраймыз.

Орталық аумағында рұқсат етілмейді:

- тағам мен сусын алып келу (балаларға арналған немесе арнайы тамақтануды қоспағанда);
- қару-жарақ, өткір-кескіш заттар, жарылғыш, улы және тез тұтанатын заттарды алып кіру;
- арнайы белгіленген орындардан тыс жерде темекі, электронды құрылғылар мен темекіні қыздыру жүйелерін пайдалану;
- қызметкерлерге арналған қызметтік бөлмелерде болу;
- ойын аймағында, киім ауыстыратын бөлмелерде, санитарлық тораптарда және бассейн жанында тамақ ішу;
- орталық аумағында алкогольдік немесе өзге де мас күйде болу, алкоголь алып келу және тұтыну;
- бассейндерде жүгіру, бір-бірін итеру, қауіпті секірулер мен трюктер жасау, сәндік құрылымдарға шығу;
- бассейндерде көше киімімен немесе аяқ киіммен болу;
- арнайы жүзу киімінсіз жүзу;
- ашық жаралары немесе жұқпалы аурулары бар кезде орталыққа келу;
- әкімшілікпен келісусіз фото және бейне түсірілім жүргізу;

Қонақтардың қауіпсіздігі үшін:

- 18 жасқа дейінгі балалар орталық аумағында тек ата-анасының немесе заңды өкілдерінің қасында болуы тиіс;
- 18 жасқа дейінгі қонақтардың сауналарға баруына тек ересектермен бірге рұқсат етіледі;
- бойы 140 см-ден төмен 12 жасқа дейінгі балалар бассейндерді тек ересектермен бірге пайдалана алады;

- балалардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілік ата-аналарына немесе оларды ертіп келген тұлғаларға жүктеледі;

Электронды білезік:

- орталық аумағына кіру электронды білезік арқылы жүзеге асырылады;
- білезік орталықтың меншігі болып табылады және шығу кезінде қайтарылуы тиіс;
- білезік жоғалған жағдайда оның құнын өтеу қажет;
- білезікті алу орталық ережелерімен келісуді білдіреді;

Жауапкершілік:

- әкімшілік қараусыз қалдырылған заттар үшін жауап бермейді;
- орталық мүлкіне зиян келтірілген жағдайда қонақ келтірілген шығынды өтеуге міндетті;
- ережелер бұзылған жағдайда әкімшілік орталыққа әрі қарай кіруге тыйым салуға құқылы;

TIMATEY демалыс кеңістігіне және басқа қонақтарға құрметпен қарағандарыңыз үшін рахмет!